



ЖАДЫНАМА

АДАМДАР ЖАППАЙ БОЛАТЫН ОБЪЕКТИДЕ
ӨРТ ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА ІС-ҚИМЫЛ
ЖАСАУ ТУРАЛЫ

**ЖЫЛ САЙЫН 500-ДЕН АСА ӨРТ ЖАҒДАЙЫ
АДАМДАРДЫҢ ЖАППАЙ БОЛАТЫН
ОБЪЕКТИЛЕРІНДЕ БОЛАДЫ.**



- кез келген үй-жайға кіргенде қосымша және авариялық шығу жолдарына көңіл бөліп, ойша оларға қарай жүріп өтіңіз;
- ғимараттан шығарда жақын жерде орналасқан эвакуациялық шығу бағытымен шығыңыз. Ештеме іздемей, жинақтамай оттан тезірек қашыңыз;
- үй-жайдағы зиянды жану өнімдері Сіздің бойыңыз бен одан да жоғары деңгейде жиналуы мүмкін, сондықтан шыға беріске төрт аяқтап немесе еңбектеп өтіңіз, өйткені еденге жақын ауа температурасы төмен, әрі оттегі көбірек болады;
- егер түтіннің әсерінен тамағыңыз жыбырлап, көзіңіз жасаураса- тыныс алу жолдарын қандай да бір көпқабатты мақта матасымен мықтылап бүркеп өтіңіз, мата арқылы демалыңыз;
- өрттің шығуы немесе жану (түтіндеу, температураның жоғарылауы, күйік иісі) белгілері туралы «101» немесе «112» телефондары арқылы (ұялы телефон арқылы теңгерімнің болмауына қарамастан теріледі), өртке қарсы қызметке хабар беріңіздер.

**ӨРТ КЕЗІНДЕ «101»-ге ХАБАРЛАСЫҢЫЗДАР
ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ «112»**